

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
И. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан  
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



**МЕКТЕПТІК КОНСИЛИУМДАР ҚҰРУ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕ  
ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРҒА ИНТЕНСИВТІ, КЕҢ ЖӘНЕ  
АРНАЙЫ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ**

**Әдістемелік ұсынымдар**

**СОЗДАНИЕ ШКОЛЬНЫХ КОНСИЛИУМОВ И ОБЕСПЕЧЕНИЕ  
ВСЕСТОРОННЕЙ ПОДДЕРЖКИ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ**

**Методические рекомендации**

Астана  
2015

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2015 жылғы 23 қараша № 10 хаттамасы)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 10 от 23 ноября 2015 года)

Мектептік консилиумдар құру және ерекше қажеттіліктері бар балаларға интенсивті, кең және арнайы қолдау көрсету. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 32 б.

Создание школьных консилиумов и обеспечение всесторонней поддержки детей с особыми образовательными потребностями. Методические рекомендации.- Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2015. – 32 с.

Әдістемелік ұсынымдарда мектептік психологиялық-педагогикалық консилиум қызметін ұйымдастыру негіздері берілген. Қосымшаларда мектептік консилиумның үлгілік құжаттарының үлгілері берілген. Ұсынымдар жалпы білім беру мектептерінің басшыларына, мамандарға (логопедтерге, арнайы педагогтерге, психологтарға, әлеуметтік педагогтарға және т.б.) және педагогтарға арналған.

В методических рекомендациях изложены организационные основы деятельности школьного психолого-педагогического консилиума. В приложениях приведены образцы документации школьного консилиума. Рекомендации предназначены руководителям, специалистам (логопедам, специальным педагогам, психологам, социальным педагогам и др.) и педагогам общеобразовательных школ.

© Ы. Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы, 2015  
© Национальная академия образования  
им. И. Алтынсарина, 2015

## Мазмұны

Кіріспе .....	4
1 Мектептік психологиялық-педагогикалық консилиумның қызметін ұйымдастыру және оның міндеттері .....	5
2 Мектептік психологиялық-педагогикалық консилиумды жүргізу тәртібі .....	7
Қорытынды .....	9
Глоссарий .....	10
Пайдаланылған және ұсынылған әдебиеттер тізімі .....	11
Қосымша.....	12

## Кіріспе

Консилиум – бір немесе басқа білім саласындағы сарапшылардың, мамандардың мәжілісі, өзара кеңесуі. Психологиялық-педагогикалық консилиум әлсін-әлсін жиналып, қандай да бір мәселені, мысалы, оқушылардың алдын ала белгіленген параметр бойынша оқығандарын, оқи алатынын және шынайы оқудағы мүмкіндіктерін талқылайтын және бағалайтын мамандардың бірлестігін білдіреді. Консилиум мәжілісіндегі оқыту үдерісінің сапасын арттыру бойынша мұғалімдердің жұмысы жағдайында оқушылардың болжамды үлгерімдері ғана емес, сонымен бірге үлгермеушіліктің себептері талқыланады және оқушылардың білімдері мен жалпы оқу икемділіктеріндегі ақтандақтарды жеңу бойынша шаралар жүйесі туралы шешім қабылданады.

Алғаш рет оқушыны алдын ала әзірленген теория мен оқу үдерісін тиімділеу әдістемесінің аясында оқытудың мүмкін болатын нұқаларын ішінен ең жақсысын таңдау негізіндегі сапада жалпы білім беру мекемесіндегі педагогикалық консилиум әдістемесін академик Ю.К. Бабанский құрды және сынап көрді.

Арнайы білім беру ұйымдарындағы (арнайы балабақшалар, арнайы мектептер) психологиялық-педагогикалық консилиум мамандар (психолог, логопед, дефектолог, әлеуметті педагог және т.б.) мен педагогтардың өзара әрекеттесуі ретінде психофизикалық дамуында бұзылыстары бар балаларды кешенді және психологиялық-педагогикалық қолдаудың бірыңғай тәсілдемесін жасау үшін белсенді қолданылады. Консилиум қарастырылған санаттағы балалардың білім алуында қажеттіліктерінің сан алуандығына байланысты оларды оқыту мәселелерін шешудің командалық, мультидисциплинарлық тәсілдемесінің маңызды шартты талабы болып табылады. Консилиум мүшелерінің жұмысының негізгі тәсілдеріне талқылау және сараптамалық бағалау жатады.

Инклюзивтік білім беру практикасын жалпы білім беру мектептерінде дамыту олардың құрылымдарында білім алуға ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарының өзара әрекеттесу түрі ретіндегі консилиумдерді құру өзекті болып отыр.

Осы әдістемелік ұсынымда мектептік психологиялық-педагогикалық консилиумдарын ұйымдастыру және қызмет істеуі мәселелері ашып көрсетіледі, қажетті құжаттардың үлгілері беріледі.

## **1 Мектептік психологиялық-педагогикалық консилиумның қызметін ұйымдастыру және оның міндеттері**

Білім беру ұйымының психологиялық-педагогикалық консилиумының негізгі мақсаты жалпы білім беру үдерісіне қосылған білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды қолдау стратегиясын және оларды оқыту мен әлеуметтендірудің табыстылығы үшін ересектердің келісілген әрекеттерін алқалық анықтау болып табылады.

Консилиум міндеттері:

- білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды дамыту және\немесе оқыту жағдайларын талдау;
- оқушыларға психологиялық-педагогикалық көмектің мазмұнын анықтау және оны көрсететін мамандардың өзара әрекеттесуін үйлестіру;
- оқу үдерісіндегі балаларға көмек мазмұны туралы педагогтарға, ата-аналарға ұсынымдар әзірлеу;
- психологиялық-педагогикалық көмектің тиімділігін бағалау.

Мектептік консилиум жұмысын құру негіздері:

- қарастырылған мәселелерге (әр түрлі мамандардың өзара тығыз байланысы) кешенді тәсілдеме;
- оқушылардың қажеттіліктерін динамикалық зерттеу;
- оқушылардың қызығушылықтарын сақтау және жеке психофизикалық ерекшеліктерін есепке алу.

Консилиум директордың бұйырығымен құрылады және олардың қабылдаған Ережелерінің негізінде қызмет істейді (А қосымшасы). Мектеп консилиумының құрамы иілімді болып, оның тұрақты және уақытша қатысушылары болады. Тұрақты қатысушылар – оқу-тәрбие жұмысы бойынша мектеп директорының орынбасары, психолог-педагог, әлеуметтік педагог, логопед мұғалім, дефектолог мұғалім. Тұрақты қатысушылар әрбір мәжіліске, оны дайындау жұмысына қатысады, оның ұсынымдарының орындалуын бақылайды. Уақытша қатысушылар (сынып жетекшілері, пән мұғалімдері, медициналық қызметкерлер) консилиумға қажеттіліктері бойынша қатысады.

Консилиум жоспарлы және жоспардан тыс болып бөлінеді. Жоспарлы консилиумдер жылына 3-5 рет өткізіледі. Жоспарлы консилиумдер жұмысының бағыттары:

- мектепке оқуға келген оқушылардың, білім алуда ерекше қажеттіліктері бар, орта буынға өткен оқушылардың білім алудағы ерекше қажеттіліктері талқыланады;
- білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұнын әзірлеу;
- түзете дамыту міндеттерін жүзе асырудың табыстылығын динамикалық бағалау, қажет болған жағдайда оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың алдын ала әзірленген бағдарламаларын өзгерту;
- оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың тиімділігін бағалау.

Консилиумның тұжырымдамасы білім беру үдерісінің барлық

қатысушыларына (пән мұғалімдеріне, қосымша білім беру педагогтеріне, ата-аналарға) хабарланады.

Жоспардан тыс консилиумдар білім беру үдерісінің кез-келген қатысушысының, оның ішінде білім беру ұйымының басшылығының немесе ата-анасының (олардың орындағылардың) сұрауы бойынша өткізіледі. Жоспардан тыс консилиум үшін баланың оқуына және дамуына әсер ететін жана жағдайлардың анықталуы немесе туындауы, оның дамуы мен оқуының жағымсыз динамикасы себеп бола алады. Мамандар мен ата-аналардың сұрау түрлері әр түрлі болуы мүмкін, бірақ қандай жағдайда болмасын олар баланың мәселелерін (дамудағы және оқудағы) немесе педагогтың, ата-ананың баламен өзара әрекеттесуіндегі мәселелерді бейнелеуге міндетті. Жоспардан тыс консилиумның қызметінің бағыттары:

- анықталған жағдайлар бойынша шұғыл шара қабылдау;
- өзгерген жағдайға немесе жұмыстың тиімсіздігіне байланысты түзете дамыту жұмысының бағыттарын өзгерту.

## 2 Мектептік психологиялық-педагогикалық консилиумды жүргізу тәртібі

Консилиумның бірінші мәжілісінде консилиумдерді жүргізу кестесі құрылады және білім алуда ерекше қажеттіліктері бар және қолдау қызметкерлерінің динамикалық бақылауына мұқтаж балалардың тізімі анықталады.

Консилиумде психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің әрбір қызметкері жүргізген тексерудің жинақталған аналитикалық материалдары талқыланады. Олар мамандардың ұсынымдары түрінде безендіріледі (Б қосымшасы). Мамандардың ұсынымдарында бала және оның жанұясы туралы мәліметтер педагог үшін түсінікті және қолжетімді тілде беріледі және бала мен оның жанұясының құпиялылыққа деген құқығын бұзбайтындай түрде жазылады.

Консилиумде оқушының әрекетерін бақылау мен зерттеу нәтижелерін талқылауды консилиум төрағасы реттеуге және бақылауға міндетті. Консилиум жұмыс шараларымен оның барлық қатысушылары таныс болуға тиісті. Егер консилиумда уақытша қатысушылар болса, онда төраға жұмыс басталарда оны жүргізу шарасын еске түсіреді. Консилиум жұмысының келесі тәртібін ұстануға болады:

1. Баланы консилиумға жіберген маман (педагог немесе ата-ана) сөз сөйлейді. Ол баланың дамуы мен оқуындағы жағымды жақтары мен өзін алаңдататын мәселелер туралы нақты айтып береді. Маманның (педагог немесе ата-ана) сөзін ешкім бөлмейді, сұрақ, мінеп-сынау сөздері, ескерту айтылмайды. Егер оқушыда ПМПК тұжырымдамасы болса, онда ол туралы сынып мұғалімі баяндайды.

2. Консилиум мүшелері баланың дамуы мен оқу жағдайларының мән-жағдайын нақтылау және түсіну үшін маманға (педагог немесе ата-ана) кезекпен сұрақ қояды. Маман (педагог немесе ата-ана) әрбір қойылған сұраққа жауап береді.

3. Консилиумның барлық қатысушылары, өз кезегімен консилиум үшін алдын ала дайындаған бала туралы ұсыныстарын пайдалана отырып, оқушының дамуы мен оқу әрекетінің ерекшеліктеріне кәсіптік сипаттама беріп, мәселе туралы өзінің пікірін және жағдайды жақсартуға қатысты ұсыныстарын айтады.

4. Оқушыны қолдауды ұйымдастырудың бірыңғай тәсілдемесі әзірленеді, түзете дамыту жұмысының мазмұны анықталады, оқу үдерісінде, қосымша білім беру мен жанұялық тәрбилеуге қатысты жеке тәсілдемелік ұсынымдар беріледі.

Консилиум мүшелерінің арасындағы ақпарат алмасу және сұрақтарға өзара жауап беру оқушының психологиялық-медициналық-педагогикалық мәртебесі сипатталатын, оқушыны қолдаудың ұсынылған түрі мен қатысатын мамандар аталатын консилиумның тұжырымдамасын жасау үшін негіз болады (В қосымшасы). Тұжырымдамада консилиумның мамандарының педагогтар ұжымымен немесе жеке мұғалімдермен, оқушының ата-анасы мен мектеп әкімшілігімен кеңес беру жұмысын өткізу қажеттілігі туралы нұсқау берілуі

мүмкін.

Консилиум тұжырымдамасының негізінде оқуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыны психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасы құрылады. Жарты жылға құрылатын қолдаудың жеке бағдарламасында баламен жүргізілетін түзете дамыту жұмысының бағыттары, әрбір бағыт бойынша жұмыстың мазмұны, күтілетін нәтиже көрсетіледі. Балаға қатысты мамандардың әрекеттері үйлестіріледі. Қажет болған жағдайда, әр түрлі мамандарды баламен жұмысқа қосудың бірізділігі анықталады. Бағдарламада міндетіне оқушының даму картасын жүргізетін, қолдау кезеңдерін бақылайтын, жасалған жұмыстың нәтижесін қорытындылау және ары қарайғы жұмысты талқылау мақсатында баланың мәселелерін консилиумде қайтадан талқылауға ұсыныс беретін жауапты маман бекітіледі. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасымен міндетті түрде ата-аналар, оқушымен жұмыс істейтін барлық педагогтар таныстырылады. Баламен жұмыс істейтін барлық мамандар оқушыны қолдаудың жеке бағдарламасының мазмұнын орындауға міндетті болады. Баланы қолдау бойынша негізгі жүктеме мұғалімге жүктеледі, ол оқушының оқудағы және әлеуметтенудегі жетістіктері үшін жеке жауапкершілікте болады.

Консилиумның мәжілісінде әрбір жеке жағдайға қатысты тұжырымдама шешімін талқылау кезіндегі қатысушылардың қысқа айтылымдарын бейнелейтін, тағайындалған ұсынымдарды орындауға жауаптылар белгіленетін хаттама жүргізіледі. Консилиум хаттамалары консилиум төрағасының іс қағаздарында сақталады. Консилиумның ұсыныстары директор жанындағы мәжілістерде әкімшілікке хабарланады, содан кейін педагогикалық кеңеске жіберіледі.

Консилиумның хатшысы балаларды тіркеу және есепке алу журналын жүргізеді, бала туралы жалпы мәліметтер жинайды, консилиум мәжілістерінің кестесінің орындалуын, консилиумның құжаттарының мұрағатта сақталуын бақылайды. Консилиум жұмысына қатысушы төраға мен мамандарға балалар және олардың жанұялары туралы ақпараттың құпиялылығы туралы жауапкершілік жүктеледі.

Бала дамуының жағымсыз динамикасында, консилиум мүшелерінің баланы оқыту мен тәрбиелеуге қатысты бір мәнді шешім қабылдаулары мүмкін болмаған жағдайда, оқушыны тереңдетілген тексеруден өткізу үшін ол психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңеске жіберіледі. Бұл үшін мектептік консилиум құжаттар пакетін дайындайды, оның құрамында:

- медициналық ұсыным;
- логопедиялық ұсыным;
- психологтың ұсынымы;
- баланың педагогикалық мінездемесі (Г қосымшасы);
- баланың ана тілі, математика пәндері бойынша жазба жұмыстары, суреттері мен баланың дербес әрекетінің басқа да түрлері;
- ата-аналарының немесе олардың заңды өкілдерінің баланы ПМПК-не тексеруге жіберуге қатысты жазбаша өтініштері.



## Қорытынды

Білім алу үдерісіндегі білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау әр түрлі бейінді мамандардың (психолог, логопед, дефектолог мұғалім және т.б.) қатысуын талап етеді. Олардың әрекеттерін үйлестіру, бұл қызметке үйлесімділік пен мақсатты бағытталғандық түр беру үшін білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының жұмысында командалық тәсілдеме қажет болады. Командалық тәсілдеме мамандар мен педагогтардың қосымша кәсіптік құзыреттілікті меңгерулерін білдіреді. Қажетті құзыреттіліктер: педагогикалық бақылауды жүргізе білу, баланың әр түрлі жас шамасындағы нормативтік даму заңдылықтары мен кезеңдерін білу, командада жұмыс істей білу, педагогикалық мәселелерді және т.б. ұжымдық талқылауға қатысу.

Бұл жерде мамандар мен педагогтардың негізінде оқушының жеке басына деген терең сыйласымдық пен кез келген балаға көмек көрсетудің жоғары уәждемесі жататын ұстанымдарының бірдей болуы өте маңызды болады.

Әр түрлі бейіндегі мамандардың командалық өзара әрекеттесулерінде шешілетін мазмұндық міндеттердің құрамына балаға оқыту үдерісінде тиімді көмек пен көмек көлемін таңдау міндеті кіреді. Тағы да бір мазмұндық міндетке педагогтарды әдістемелік қолдау, олардың бірыңғай пәнаралық команда жағдайындағы кәсіптік жетілуі жатады.

Консилиумды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін және педагогтарды мамандардың өзара әрекеттесуінің негізгі түрі ретінде пайдалану, белгіленген екі міндетті де табысты шешуге мүмкіндік береді. Мамандар (психолог, логопед, мұғалім-дефектолог) оқушының мәселелері туралы тек айтып қана қоймай, сонымен бірге педагогқа оны жеңу жолдарын көрсетуге тиісті, себебі оқу үдерісіндегі білім алуда ерекше қажеттілігі бар баланы қолдауға байланысты негізгі жұмысты педагог атқарады. Арнайы білім беру әдістемесін және тәсілдерін меңгерген мұғалім оларды оқыту үдерісін жоғары тиімділікпен қамтамасыз ете отыра, сыныптағы барлық оқушыларға қатысты оларды шығармашылықпен пайдалануға қабілетті болады.

Сонымен, мектептік консилиум, оның жұмысын сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде дұрыс ұйымдастырған жағдайда ол оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесінде ғана емес, сондай-ақ мектептегі білім беру үдерісінің сапасын арттыру бойынша мәселелерді шешуде де маңызды рөл атқарады.

## Глоссарий

**1. Психологиялық-педагогикалық консилиум** – бұл білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыратын, баланы қолдаудың бірыңғай стратегиясын құратын білім беру ұйымы мамандарының өзара әрекеттесу түрі.

**2. Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалар** – бұлар оларды тәрбиелеу және оқыту жағдайында арнайы жағдайдың ұйымдастырылуына және арнайы психологиялық-педагогикалық көмекті алуға мұқтаж балалар.

**3. Дамуында мүмкіндіктері шектеулі балалар (ДМШ)** – туа біткен, тұқым қуалайтын, жүре пайда болған аурулардың немесе жарақаттану салдарынан дене бітімінде және (немесе) психикалық дамуында кемшіліктері бекітілген тәртіпте дәлелденген балалар.

**4. Психологиялық-педагогикалық қолдау** – әрбір баланы оның мүмкіндігі мен қажеттілігіне сәйкес оқыту мен дамытудың табысты болуына арналған әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдай құрылатын үдерістегі мамандардың жүйелі түрде ұйымдасқан бір тұтас қызметін білдіретін, білім беру-тәрбиелеу үдерісіндегі балаға көрсетілетін көмектің (қолдаудың) ерекше түрі.

**5. ПМПК** – психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес.

## Пайдаланылған және ұсынылған әдебиеттер тізімі

1 Вильшанская А.Д. Школьный психолого-медико-педагогический консилиум: организационные основы деятельности. –Алматы. «Учитель» баспасы, 2008, - 120 б.

2 Шевченко С.Г. Коррекционно-развивающее обучение. Организационно-педагогические аспекты. Мұғалімге арналған құрал. –М.: Владос, 1999, - 136 б.

3 Щербо И.Н. Управление системой коррекционно-развивающего образования в школе. «Директор школы» журналының библиотекеасы. -М.: Қыркүйек, 2003 . -160 б.

4 Ямбург Е.А., Забрамная С.Д. Управление службой сопровождения детей в условиях образовательной организации. Практикалық-бағдарлық монография. -М.: Бослен. 2013. - 255 б.

## Қосымша

## А қосымшасы

### № ... мектебінде психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум құру туралы бұйрықтың жобасы

Бала дамуындағы кез келген мәселені және оны оқыту мен мектепте бейімделумен қамтамасыз етуді шешудегі кешенді, пәнаралық тәсілдемені жүзеге асыру мақсатында

#### БҰЙЫРАМЫН:

1. Қолдау қызметінің мамандарының өзара әрекеттесу түріндегі психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиумды төмендегі құрамда құру:

---

---

---

(мамандықтары көрсетілген консилиум мүшелерінің құрамы)

2. Консилиумның төрағасын тағайындау:

---

(Т.А.Ә., лауазымы көрсетіледі)

3. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум төрағасына консилиумның жұмысын НОМ психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиумның қызметі туралы Ережелерге сәйкес ұйымдастыру міндеттеледі.

4. Консилиум жұмыс кестесін НОМ түзіміне сәйкес анықтау.

5. Консилиум мүшелерінің атқарымдық міндеттерін, есеп беру құжаттамасын анықтау және консилиум құрамында балаларды тексеруге кеткен уақыттың нәтижесі бойынша қосымша табель тапсыру.

6. Консилиум мәжілісін өткізу орны:

---

7. Бұйрықтың орындалуын бақылау психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің басшысына жүктеледі.

№ мектептің директоры \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә.)

## **№ ... НОМ психологиялық-медициналық консилиумы туралы Ережелер**

### **1. Жалпы ережелер**

1.1. № ... жалпы білім беру мектебінің психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиумы (ары қарай ПМПК) психологиялық-медициналық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының өзара әрекеттесуінің тұрақты түрі болып табылады. Консилиумның қызметі мектеп оқушыларының дамуы мен оқуындағы ерекшеліктерді зерттеуді және олардың мәселелерін шешуді кешенді тәсілдемемен қамтамасыз етуге бағытталған.

1.2. Мектептік ПМПК өзінің қызметінде БҰҰ бала құқығы туралы конвенциясын, ҚР «Білім туралы» Заңын, «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Қазақстан Республикасындағы балалар құқығы туралы» Заңдарын және осы ережені басшылыққа алады.

### **2. Мектептің психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиумының мақсаты мен міндеттері**

2.1. ПМПК мақсаты бала дамуының бірыңғай стратегиясын құру мен жүзеге асыру, консилиум баланың жанұясы мен оның оқуын жүзеге асыратын педагогтарға көмек ұйымдастыруға бағытталған кәсіпаралық ынтамақтастық болып табылады.

2.2. Міндеттері:

2.2.1. Оқушының оқуы мен әлеуметтенуін жетістіктермен қамтамасыз ететін профилактикалық, психологиялық-педагогикалық түзету және әлеуметтік шараларды анықтау үшін баланың танымдық қызметінің даму деңгейі мен ерекшеліктерін анықтау, эмоциялық-ерік және жеке тұлғалық дамуын зерттеу.

2.2.2. Баланың әлеуетті мүмкіндіктерін анықтау, жалпы және түзете оқыту мен тәрбиелеу үдерісін даралық-сараланған тәсілдемемен қамтамасыз ету үшін білім беру үдерісіне қатысушыларға арналған ұсынымдар әзірлеу.

2.2.3. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың және оқушылармен түзете дамыту жұмысының жеке бағдарламасын әзірлеу.

2.2.4. Баланың өзекті дамуын, оның жағдайының динамикасын бейнелейтін құжаттарды дайындау және жүргізу. Мектептің педагогикалық құрамы мен психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарының арасындағы өзара әрекеттесулерін ұйымдастыру.

### **3. Мектептің психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиумының қызметін ұйымдастыру**

3.1. Консилиум мәжілісінде балалар мен жасөспірімдердің мәселелерін талқылау ата-аналарының (заңды өкілдерінің) ынтасы бойынша, сондай-ақ бала оқитын немесе тәрбиеленетін сыныптың (топтың) педагогының, білім беру

ұйымында жұмыс істейтін басқа мамандардың да бастамалары бойынша жүзеге асырылады.

3.2. Барлық маман баланы жеке-жеке тексереді. Әрбір маманның өзінің әдістемелері, тәсілдемелері, диагностикалық кешендері болады.

3.3. Тексеру нәтижелері бойынша әрбір маман консилиум үшін бекітілген түрде өз ұсыныстарын береді.

3.4. Алынған мәліметтердің негізінде (мамандардың қорытындысы) коллегиялды түрде ПМПК тұжырымдамасы жасалады, баланың жеке мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін есепке ала отырып, түзете дамыту және оқу-тәрбиелеу жұмысын ұйымдастыруға арналған ұсынымдар әзірленеді.

3.5. Консилиум маман мүшелерінің кеңесін алған барлық балалар тіркеу және есеп журналына тіркеледі.

3.6. Консилиум жұмысына қатысқан мамандар және төрағасы тексеруден өткен балалар туралы ақпараттың құпиялылығын сақтауға жауапты болады.

#### **4. Консилиумды дайындау және өткізу тәртібі**

4.1. ПМПК жоспарлы және жоспардан тыс болып екіге бөлінеді.

4.2. Жоспарлы консилиум жылына 4-5 рет өтеді. Оның қызметі төмендегі міндеттері шешуге бағытталған:

- бала дамуының ерекшеліктерін, оны оқытудың мүмкін болатын талаптары мен мақсаттарын анықтау;

- түзете дамыту жұмысының мазмұнын қоса отырып, баланы психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасын құру;

- оқытудың, түзетудің және дамудың динамикасын бағалау, түзету жұмысына қосымшалар мен өзгерістер енгізу, оқыту түрін, түзімін, бағдарламасын өзгерту, қосымша тексеруді тағайындау.

4.3. Консилиумның жоспардан тыс мәжілісі мамандардың, педагогтар немесе ата-аналардың сұрауы бойынша жиналады. Жоспардан тыс ПМПК келесі міндеттерді шешеді:

- туындаған мәселені талдау, оларды шешу жолын таңдау;

- рұқсат етілетін жүктемелерді, оқытудың түзімі мен түрін өзгерту қажеттілігін анықтау.

4.4. Баланың мәселелерін талқылау бойынша консилиум мәжілісін өткізуді дайындау консилиумды өткізу датасына дейін 10 күннен кеш болмайтындай жоспарланады.

4.5. Мамандар, баламен тікелей жұмыс істейтін жетекшілер консилиум мәжілісін өткізуге дейін 3 күннен кеш болмайтындай уақытта консилиум хатшысына қажетті құжаттарды, баланың жазба жұмыстарын тапсыруға міндетті.

4.5. Мәжіліс ПМПК төрағасының басшылығымен өтеді.

4.6. Жетекші маман жалпы жағдайды баяндайды. Баламен жұмысқа қатысатын әрбір маман бала туралы ауызша тұжырымдама береді.

4.7. ПМПК қабылдаған түзете дамыту жұмысын ары қарай жүргізу бойынша ұсынымдар педагогтарды қосқанда, баламен жұмыс істейтін барлық

мамандарға міндетті болады.

4.8. ПМПк хаттамасы мәжіліс өткеннен кейін 2-3 күн ішінде дайындалады, оған ПМПк қатысқан барлық мамандар қол қояды.

### **5. Мектептің психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиумының құжаттары**

- № ... НОМ-інде ПМП консилиумының құрылуы туралы бұйрық.
- № ... НОМ-інің ПМП консилиумының Ережелері.
- № ... НОМ-інің ПМП консилиумының ОПМПК-імен ынтымақтастығы (өзара әрекеттесуі) туралы шарт.
- ПМПк-ге келген балалар тіркелетін журнал.
- ПМПк мәжілістері тіркелетін журнал; ПМПк тұжырымдары мен ұсынымдары тіркелетін журнал.
- Динамикалық бақылауда тұрған балаларды есепке алу журналы.
- Мамандардың консилиум үшін оқушыларға берген ұсыным түсініктемелері.
- ПМПк-інің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар, әдістемелік материалдар.

**Консилиумға арналған педагогикалық ұсыным**

Баланың тегі, аты \_\_\_\_\_ Жасы \_\_\_\_\_

Сынып \_\_\_\_\_

Жалпы хабардар болу

(өзі және жанұясы туралы мәлімет, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, жалпы қабылданған тәртіп нормаларын орындау)

Білімі, қоршағандар туралы түсініктер \_\_\_\_\_

Оқу дағдыларының қалыптасқандығы.

Оқу пәндерін меңгеруінің бағдарлама талаптарына сәйкес болуы.

Оқу пәндерін меңгерудегі қиындықтар, қате түрлері.

Математика

Оқу \_\_\_\_\_

Жазу \_\_\_\_\_

Ауызша сөйлеу тілінің ерекшеліктері \_\_\_\_\_

Бейнелеу әрекеті, қол еңбегі

Эмоционалды тәртіп ерекшеліктері

**Қорытынды:**

**Ұсынымдар:**

Тексеру күні \_\_\_\_\_ Педагогтың қолы \_\_\_\_\_



## Консилиумға арналған психологтың ұсынымы

Оқушының Т.А.Ә. \_\_\_\_\_ Жасы \_\_\_\_\_

Сынып \_\_\_\_\_

Тәртіп, қатынас, әдеттер мен қызығушылықтарының ерекшеліктері

Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау

Қимылдық ептілік \_\_\_\_\_

Жетекші: қол \_\_\_\_\_ аяқ \_\_\_\_\_ құлақ \_\_\_\_\_ көз \_\_\_\_\_

Әрекеттесудің сипаттамасы:

Уәждемесі \_\_\_\_\_

Сыншылдығы \_\_\_\_\_

Жұмысқа қабілеті \_\_\_\_\_

Әрекет етудің қарқыны

Есте сақтаудың ерекшеліктері

Сөйлеу тілінің сапалық сипаттамасы

Зерде дамуының сипаттамасы

Кеңістіктік және мезгілдік қатынас туралы түсініктің қалыптасқандығы

Эмоционалдық-тұлғалық және уәждемелік-ерік ерекшеліктері

### Қорытынды

(өзекті даму деңгейі, аталған салалардағы ерекше ерекшеліктері, әлеуеттік мүмкіндіктері)

---

---

**Ұсынымдар:**

---

---

---

Күні \_\_\_\_\_ Психологтың қолы \_\_\_\_\_

## *Балаға логопедиялық тұжырымдама*

Баланың тегі, аты, әкесінің есімі

Туылған күні

Сөйлеу тілдік қоршаған орта (жақындарының сөйлеу тілдік кемшіліктері, қос тілділік, тұқым қуалаушылық және т.б.)

Ерте жастағы сөйлеу тілдік даму:

уілдеу \_\_\_\_\_ былдыр \_\_\_\_\_ сөз \_\_\_\_\_ тіркес \_\_\_\_\_

Сөйлеу тілдік бұзылыстар қашан байқалды? \_\_\_\_\_

Логопедпен сабақтар

(қайда, қандай нәтижемен?)

Сөйлеу тілінің жалпы дыбысталуы (қарқыны, жатықтығы, анықтығы)

Тұтығумен байланысты сөйлеу тілінің ерекшеліктері

**Сөйлеу тілінің дыбыстық жағы**

Сөйлеу аппаратының құрылысы және қозғалғыштығы

Дыбысты айтудың бұзылуы

Сөздің буындық құрылымы

Дыбыстық талдау және синтез

**Сөздік қоры**

Сөздік қордың жалпы сипаттамасы (белсенді және енжар сөздік қордың арақатынасы)

---

---

**Сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымы:** (жасына сәйкес, сөз өзгертудегі, сөз құрауындағы қателер)

---

---

Сөйлеу тілін түсінуі:

---

---

**Байланыстырып сөйлеу тілі**

Сөйлеу тілінің жалпы сипаттамасы

---

---

(сөйлеу тілін жас шамасына сәйкес меңгеруі)

Өздігінен байланысқан айтылымдардың қалыптасқандығы

Аграмматизм (бар, жоқ)

---

---

**Жазбаша сөйлеу тілі**

Жазу (көшіріп жазғандағы, диктанттағы әдеттегі және тән емес қателер)

---

---

**Оқу** (оқу техникасы: жаһандық, аналитикалық, әріптік, буындық, біріккен және т.б.)

---

---

Оқу қарқыны

---

---

Оқығанды түсіну

---

---

Қателердің сипаттамасы

**Тұжырымдама:**

---

---

---

---

**Ұсынымдар:**

---

---

---

---

Тексеру күні \_\_\_\_\_

Логпедтің қолы \_\_\_\_\_

## Әлеуметтік педагогтың балаға берген ұсынымы

Баланың Т.А.Ә. \_\_\_\_\_ жынысы \_\_\_\_\_

Туылу жағдайы \_\_\_\_\_ сынып \_\_\_\_\_

Жанұя құрамы

\_\_\_\_\_

(тегі, есімі, жасы)

---

Толық жанұя немесе ата-анасы ажырасқан

\_\_\_\_\_

Әлеуметтік-еңбектік ерекшеліктер (ата-анасының, баламен қатынасатын басқа да адамдардың кәсібі, мамандықтары)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Әлеуметтік-тұрмыстық ерекшеліктер (жанұядағы тұрмыстық міндеттердің бөлінуі, баланың жанұяда қандай көмек көрсететіні, баланың үйіндегі міндеттері)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Әлеуметтік-демалыстық (жанұя мүшелерінің бос уақыттарын өткізулері: қызығушылықтары, хобби)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Әлеуметтік-педагогикалық ерекшеліктері (баланы тәрбиелеу стилі, баланың тәрбиесіне және дамуына қанша уақыт бөлінетіні)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Әлеуметтік-құқықтық ерекшеліктері (құқықтық өткені мен қазіргісі, баланың жанұяда әлеуметтік-құқықтық қорғалуы)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Материалдық және баспаналық-тұрмыстық жағдайлары (астын сызу: өз үйі, жеке, жалға алынған пәтер, жатақхана, барак, өзінің баспанасы жоқ)

Баланың жеке бөлмесі, өзінің жұмыс орнының болуы

---

Тамақтануы (рационында қандай тағам басым, тамақтанудың жүйелілігі)

---

Ата-аналарының зиянды әдеттері (астын сызу: ішімдікті, есірткіні, шылымды және т.б. қолдануы)

---

Баланың есірткі және улы заттарға, ішімдікке, шылымға қатысы

---

Баланың жыныстық өмірі

---

Дінге қатысы

---

Ата-аналық қатынастың ерекшеліктері және әлеуметтік қоршағандардың мінездемесі (үйден тыс)

---

Баланың әлеуметтік-психологиялық портреті:

Бала туралы ана-ананың пікірі:

Баланың артықшылығы:

---

Баланың кемшілігі:

---

Баланың өзі туралы пікірі:

Жағымды қасиеттері

---

Жағымсыз қасиеттері

---

Достарының болуы

---

Баланың өзіне, оқу әрекетінің нәтижесіне деген көзқарасы

---

Басқа мәліметтер

---

---

---

**Қорытынды:**

---

---

---

---

**Ұсынымдар:**

---

---

---

---

---

Тексеру күні \_\_\_\_\_ Маманның қолы \_\_\_\_\_



## Дәрігердің балаға берген тұжырымдамасы

Баланың тегі, аты \_\_\_\_\_ Жасы \_\_\_\_\_

Жүктілік (саны, ағымы, түсік түсіру қаупі, ауруы)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Тууы (мезгілінде, кешікен, шұғыл, ұзақ; босандыру, асқыну)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Салмағы, басының, кеудесінің көлемі, АПГАР шәкілі бойынша бағалануы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Психомоторлық ерте дамуы: басын ұстау \_\_\_\_\_, отыру \_\_\_\_\_, жүру \_\_\_\_\_.

Алғашқы сөздері \_\_\_\_\_ тіркестері \_\_\_\_\_ ұқыптылық дағдылары \_\_\_\_\_ өзіне-өзі қызмет көрсету \_\_\_\_\_

Ерте жастағы даму ерекшеліктері \_\_\_\_\_

Жанұялық анамнез \_\_\_\_\_

Ауырып тұруы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Есту жағдайы \_\_\_\_\_

Көру жағдайы \_\_\_\_\_

Баланың соматикалық мәртебесі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Денсаулық тобы \_\_\_\_\_

Мамандардың есебінде тұруы (невропатолог, психиатр, офтальмолог, отоларинголог, эндокринолог және т.б.) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Негізгі ауруы (оның тарихы) \_\_\_\_\_

Тексеру күні \_\_\_\_\_ Маманның қолы \_\_\_\_\_

**Мұғалім дефектологтың оқушыға берген ұсынымы  
(1-4 сынып)**

Тегі, аты, әкесінің есімі \_\_\_\_\_

Туылған күні \_\_\_\_\_

Мектеп № \_\_\_\_\_ сынып \_\_\_\_\_

Текеру жағдайындағы эмоциялық әсері (қатынастық, негативизмді байқатуы, сәтсіздікке, мадақтауға әсері, ашу-ызаның байқалымдары) \_\_\_\_\_

Жалпы және ұсақ қимылдарының дамуы

Есту арқылы қабылдаған, өздігінен оқыған нұсқауларды түсінуі (бірден түсінеді, қайталағаннан кейін, түсіндіргеннен кейін, түсінбейді)

Оқи алатындығы:

- көмекті қабылдауы (ынталандыратын, ұйымдастыратын, бағыттайтын, үйрететін көмек)

- ұқсас тапсырмаға көшу қабілеті

Әрекетті ұйымдастыру, реттеуіш атқарымдарының қалыптасқандығы (әрекеттің мақсатқа бағыттылығы, бағдарлау кезеңінің болуы, әрекеттің тиімді тәсілдерін пайдалану, әрекеттердің қызбалығы\салғырттығы, өзін-өзі бақылау)

Жұмыс қарқыны (оқу және оқудан тыс материалда) \_\_\_\_\_

Жұмысқа қабілеті (жеке және жалпы сабақтарда) \_\_\_\_\_

Жалпы хабардарлық және әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау \_\_\_\_\_

Кеңістіктік-мезгілдік түсініктердің қалыптасқандығы

Қабылдау ерекшеліктері (көру қабылдау, емту-қимылдық үйлесімділік, стереогноз)

---

---

---

Зейіннің оқу және оқудан тыс жағдайдағы сипаты (шоғырлану, бөліну, ауысу)

---

---

Оқу материалын және өмірлік түсініктерді есте сақтау және еске түсіру ерекшеліктері \_\_\_\_\_

---

---

Ойлау ерекшеліктері:

- ойлаудың көрнекілік түрінің даму деңгейі

---

---

- сөздік-логикалық ойлау

---

---

Құрылымдық әрекеттесу ерекшеліктері

---

---

Сөйлеу тілдік дамудың жалпы сипаттамасы

---

---

Бағдарламалық материалды меңгеру ерекшеліктері:

Математика (сан, сан қатары мен оның қасиеті туралы түсініктер, санау дағдысы, арифметикалық есептерді шығару дағдысы)

---

---

Математиканы меңгерудегі қиындықтар, олардың себептері

---

---

Ана тілі (каллиграфилық жазу дағдысы, орфографиялық айтумен жатқа жазу дағдысы, мәтінді көшіріп жазу, грамматикалық тапсырмаларды орындау)

---

---

Әдеттегі қателіктер. Олардың туындау себептері.

---

---

Оқу:

- оқу қарқыны \_\_\_\_\_

---

- оқу тәсілі \_\_\_\_\_
- оқығанды түсінуі \_\_\_\_\_
- мәтінмен жұмыс дағдысы \_\_\_\_\_
- әдеттегі қателер \_\_\_\_\_

Олардың туындау себептері \_\_\_\_\_

Оқу әрекетінің жалпы сипаттамасы (уәж, бағдарлау негізі, жұмысты жоспарлау, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалау) \_\_\_\_\_

### **Қорытынды**

### **Маманның жоспарлаған шаралары**

Тексеру күні \_\_\_\_\_ Маманның қолы \_\_\_\_\_

**Психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум  
тұжырымдамасы**

Баланың тегі, аты \_\_\_\_\_

Туылған күні \_\_\_\_\_

Тексеру датасы \_\_\_\_\_ сынып \_\_\_\_\_

Үйінің мекен-жайы \_\_\_\_\_ телефон \_\_\_\_\_

Ата-анасының Т.А.Ә. (жасы, білімі, қазіргі кездегі кәсібі)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Баланың жанұясы туралы мәлімет (жанұяның басқа мүшелері, толық\торлық емес жанұя, өмір сүру жағдайы және т.б.)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Консилиумге жіберу себептері:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Қосымша (барын белгілеу):

1. Педагогикалық ұсыным.
2. Психологиялық ұсыным.
3. Логопедиялық ұсыным.
4. Медициналық ұсыным.
5. Әлеуметтік педагог тұжырымдамасы.
6. Дефектолог мұғалімнің тұжырымдамасы.

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Консилиум тұжырымдамасы:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Консилиум ұсынымы:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Психологиялық-медициналық-  
педагогикалық консилиум  
төрағасы \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_ Т.А.Ә.

Психологиялық-медициналық-  
педагогикалық консилиум  
мүшелері, қолдары \_\_\_\_\_ М.О.

**Баланы психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңеске жолдау  
кезіндегі мінездеменің үлгілік нобайы**

Жолданым мақсаты (оқудағы, қатынастағы, тәртіптегі қиындықтар)

**1. Бала туралы жалпы мәліметтер:**

ТАӘ

Туылған күні, жасы

Мектептің түрі және нөмірі

Баланың денсаулық жағдайы

Мектепке дейінгі қандай мекемеге барды. Мектепте оқуды қай жасында бастады.

Сыныптардың бағдарламаларын қайталады ма (егер «иә» болса, себебі қандай: ауру, себепсіз сабаққа бармау, бағдарламаны меңгерудегі қиындықтар және т.б.) Аталған мектепте қай уақыттан бастап оқиды.

**2. Мектептік білімнің, дағдылар мен икемділіктердің бағдарлама талаптарына сәйкестігі:**

Математика

Оқу және оқығанды айтып беру

Ана тілі

Басқа пәндер

**3. Оқи алатынының сипаттамасы:**

Оқу материалын меңгеру кезіндегі қиындықтар. Педагогтардың пікірінше, оларға не себеп болған.

Қандай да бір оқу тапсырмаларын орындау және оқу материалдарын меңгеру кезіндегі көрсетілген мұғалім көмегінің мазмұны.

Баланың ұсынылған көмекті қабылдау деңгейі.

**4. Сөйлеу тілдік даму**

Сөйлеу тілдік даму ерекшеліктері.

Мектептік логопедтің жұмысының мазмұны мен баланың даму динамикасы.

**5. Психологиялық ерекшеліктер**

Танымдық аясы (зейін, есте сақтау, жұмысқа қабілеті).

Оқуға қатынасы (уәжі).

Құрдастарымен және ересектермен тұлғалық және өзара қатынас мазмұны.

Мектептік психологтың жұмысының мазмұны мен баланың даму динамикасы.

**6. Баланың әуестенуі және қызығушылықтары.**

**7. Мектеп консилиумының тұжырымдамасы** (мамандардың жалпы тұжырымдамасы және ұсынымдары).

Мекеменің мөрі

Мектептік психологиялық-педагогикалық  
консилиумының төрағасы

Қолы \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_



## Содержание

Введение .....	34
1 Задачи и организация деятельности школьного психолого-педагогического консилиума .....	35
2 Порядок проведения школьного психолого-педагогического консилиума .....	37
Заключение .....	39
Глоссарий .....	40
Список использованных и рекомендованных источников .....	41
Приложения .....	42

## Введение

Консилиум, как известно, – это совещание, взаимная консультация экспертов, специалистов в той или иной области знаний. Психолого-педагогический консилиум представляет собой объединение профессионалов, которое периодически обсуждает и оценивает обученность, обучаемость и реальные учебные возможности учащихся по заранее оговоренным параметрам. В случае работы учителей над проблемой повышения качества процесса обучения на заседании консилиума обсуждаются не только прогноз успеваемости, но и причины неуспеваемости и выносятся решение о системе мер по преодолению пробелов в общеучебных умениях и знаниях учащихся.

Впервые методика педагогического консилиума общеобразовательного учреждения была создана и опробирована академиком Бабанским Ю.К. в качестве основы выбора наилучшего из возможных вариантов обучения ученика в рамках разработанной им теории и методики оптимизации процесса обучения. В начале 90-х годов прошлого века эти разработки были незаслуженно забыты и в практике работы общего образования не используются.

